

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Масақ ауылдық округі Масақ ауылының атауын Қазтай Ұлтарақов ауылы деп қайта атау туралы

Алматы облысы мәслихатының 2014 жылғы 12 маусымдағы № 33-198 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 204 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 18 шілдеде № 2772 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4) тармақшасына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Алматы облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшіқазақ ауданы Масақ ауылдық округі Масақ ауылының атауы Қазтай Ұлтарақов ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы бірлескен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Мұқановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы бірлескен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

х а т ш ы с ы

Е. Келемсеіт

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы

Е. Миразов